

**Орта білім берудегі оқу жетістіктерін
 сырттай бағалау бойынша оқыту ұйғыр, тәжік, өзбек тілдерінде жүргізілетін мектептердің
 9-сыныбына арналған «География» пәнінен тест спецификациясы**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Жалпы білім беру ұйымдарына білім беретін пәндердің оқу бағдарламасына негізделіп құрастырылған құжат.

1. Мақсаты: 9-сынып оқушыларының география пәні бойынша дайындық деңгейін бағалау.

2. Тест мазмұны: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде – 20, екінші деңгейде – 12, үшінші деңгейде – 8 тапсырма.

География пәні бойынша тест тапсырмалары Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жасалған оқу бағдарламасына сай құрастырылған.

№	Бөлім	№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Дүниежүзінің физикалық географиясы	01	Физикалық география	01	Кіріспе. Жер – Күн жүйесінің ғаламшары. План және карта
				02	Жер қабықтары
				03	Географиялық қабық. Жер бетіндегі адамзат
		02	Материктер мен мұхиттар географиясы	01	Кіріспе. Жер шары табиғатының негізгі ерекшеліктері
				02	Материктер мен мұхиттар географиясының алуан түрлілігі
02	Қазақстан географиясы	01	Қазақстанның физикалық географиясы	01	Кіріспе. Қазақстан аумағының географиялық зерттелу тарихы
				02	Қазақстан табиғатының жалпы физикалық-географиялық сипаттамасы
				03	Қазақстанның ірі географиялық аудандары
				04	Табиғатты қорғау және табиғат қорларын тиімді пайдалану
		02	Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы	01	Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы пәні
				02	Халқы және еңбек ресурстары
03	Салааралық кешендер географиясы				

3. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Физикалық географияның бастапқы курсы – Жердің табиғаты және пішіні жайлы білім мен көзқарастардың өзгеруін, саяхатшылар мен зерттеушілердің қосқан үлесін, саяхаттардың негізгі бағыттарын; Жер, Күн, Күн жүйесі, Ғалам, Жер планетасы және оның ерекшеліктері (пішіні мен мөлшері) жайлы негізгі жаратылыстану ғылыми ұғымдарын; масштаб, жергілікті жердің планы, азимут ұғымдарын, жергілікті жерді қағаз бетіне түсіру әдістерін; литосфера, жер қыртысы, жер бедері және Жер бетінің әртүрлілігі жайлы ұғымдарды; материктер мен Мұхит түбі жер бедерінің негізгі пішіндерін; сыртқы және ішкі үдерістердің әсерінен

материктер мен мұхиттар жер бедерінің өзгеруін; гидросфераның құрамдас бөліктері (мұхиттарды, құрлық суларын, атмосферадағы суды, олардың түрлерін); атмосфера жайлы (температура, жел, ауа массалары, атмосфералық жауын-шашын, ауаның ылғалдылығы, атмосфералық қысым, ауа райы, климат, климат құрушы факторлар ұғымдары мен терминдерін); биосфера ұғымын білуі тиіс.

Физикалық география, материктер мен мұхиттар – материктер, дүние бөліктері және мұхиттардың аудандарының ара қатынасын; жер қыртысының құрылысын, жер бедері (рельеф) ұғымын, рельефтің жер қыртысы құрылысына тәуелділігін, құрлық және мұхит түбі жер бедерінің негізгі пішіндерін; Жердің климаттық белдеулерін; атмосфера құрамының және Жер климатының қалыптасуындағы Дүниежүзілік мұхиттың рөлін; мұхиттардың географиялық бейнесін, максималды және орташа тереңдігін, мұхит түбі жер бедерінің ерекшеліктерін; материктер және олардың жеке бөліктерін зерттеушілерді; материктер және олардың жеке бөліктері ресурстарының негізгі түрлерін; Антарктида табиғатының адамзат қоғамының дамуына, Жер табиғатындағы ғаламдық үдерістерге тигізетін әсерінің маңызын білуі тиіс.

Қазақстанның физикалық географиясы – Қазақстан Республикасының географиялық орнын, шекараларын, шеткі нүктелерін; геохронологиялық кестені, геологиялық жыл санау ұғымын; рудалы және рудасыз пайдалы қазбалардың орналасуының негізгі заңдылықтарын; климат қалыптастырушы факторларды; елдің аумағындағы және оның жекелеген бөліктеріндегі климат жағдайы мен ресурстарын, олардың адам өмірі мен оның шаруашылық әрекетіне әсерін; өзен режимінің, коректенуінің, жылдық ағынының аумақ климаты ерекшеліктерімен байланысын; елдің негізгі өзендер, трансшекаралық және көлдер жүйесін, ондағы экологиялық проблемаларды; ірі аудандар шегіндегі табиғат компоненттерінің өзара байланысының ерекшеліктерін; табиғат ресурстарының негізгі түрлерін білуі тиіс.

Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы – экономикалық жүйелердің түрлерін; экономикалық-географиялық жағдайдың түрлерін; Қазақстан халқының орналасуын, санын, табиғи өсімін және ұдайы өсуін; мұнай, газ, көмір алаптарының ірі кен орындарын, темір рудасы кен орындарын, түсті металдар, химия және құрылыс өнеркәсібі шикізаттарының ірі кен орындарын; ірі электр стансаларын, негізгі металлургия базаларын, металлургия, ауыр және еңбекті көп қажет ететін машина жасау, ауыл шаруашылық, көліктік машина жасау, мұнай өңдеу орталықтарын, химия зауыттарын, негізгі көлік магистральдарын; ауыл шаруашылық өнімдерінің түрлерін шығаратын негізгі аймақтарды білуі тиіс.

Табиғи құбылыстар мен экономикалық үрдістер жайлы білімдерін әр түрлі өмірлік жағдайда қолдану; Табиғи үрдістердің, аумақтардың және салалық өнеркәсіптің себеп-салдар байланысын талдау және анықтау. Табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін, статистикалық мәліметтерді және картографиялық материалдарды өңдеу, салыстыру және түсіндіру; Географиялық ақпараттардың (есеп, график, т.б.) түрлері мен формаларын жинақтау және жүйелеу.

4. Тапсырмалар формасы:

Тест бір дұрыс жауапты (берілген бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдау) 25 тапсырмадан және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты 15 тапсырмадан тұрады. Таңдаған жауапты жауап парағында берілген пәнге сәйкес орынға, дөңгелекшені толық бояу арқылы белгілеу қажет.

5. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Дұрыс орындалған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін оқушы 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Дұрыс орындалған бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін оқушы 2 балл, бір қате үшін – 1 балл, екі және одан да көп қате үшін – 0 балл алады. Толық тест бойынша максималды балл – 55.

6. Тест тапсырмаларын апробациядан өткізу:

Тест тапсырмалары ҚР мектептерінің 9-сыныптарында апробациядан өтеді.